


Жануарлар мен жәндіктер



Орындаған: 7“В” Досова Асима,
Ахан Нұрлан
Тексерген: Бекбауова Айнаш
Төлеухановна

Омыртқалылар



© 2006 Encyclopædia Britannica, Inc.

© 2006 Encyclopædia Britannica, Inc.

Қазіргі уақытта ғылымға омыртқалы жануарлардың 43 000 түрі белгілі. Олар 6 класқа жіктеледі: *Дөңгелек ауыздылар класы; Балықтар класы; Қосмекенділер класы; Бауырымен жорғалаушылар класы; Құстар класы; Сүтқоректілер класы.* Қандай да бір тірі жәндік болмасын, қай-қайсысы болса да өз тіршілігінде даму сатыларынан өтіп жетіліп отырады. Омыртқасыз жануарлардың кластарға жіктелуі олардың ерекшеліктеріне байланысты болса, сол ерекшеліктердің қатарында олардың дамуы да елеулі орын алады.

Омыртқасыздар



Омыртқасыздар (Ынвертебрата) — омыртқасыз жәндіктер тобы. Омыртқасыздарды түрлері өте көп, мәселен:

тікентерілілер — 5 000,

буынаяқтылар — 50 000,

ұлулар — 104 000,

құрттәрізділер—4 000,

құрттар—19 000,

шекқуыстылар — 9 000,

бұлттар (губкалар) — 5 000,

қарапайымдар — 15 000,

ал насекомдардын өзі ғана — 750 000 түр, сөйтіп барлық омыртқасыздардың 950 000 астам түрлері бар. Осыларды зерттеудің және білудің ғылымға да, халық шаруашылығына да, денсаулық сақтау үшін де маңызы өте зор.



Жануарлар



Жануарлар – тірі организмдер дүниесіндегі негізгі екі топтың бірі (екіншісі – өсімдіктер); жүруге және сезінуге бейім тіршілік иесі, негізінен, дайын органикалық қосылыстармен қоректенетін гетеротрофты организмдер. Жануарлар құрылысына қарай бір клеткалы организмдер және көп клеткалылар болып екі топқа бөлінеді. Жер бетінде жануарлар прокариоттар (ядросыз организмдер), балдырлар, саңырауқұлақтардан кейін пайда болған. Палеонтологиялық зерттеулерге қарағанда олардың жасы – 0,8 млрд. жылдан аспайды (1998). Жануарлардың дамуы да қоршаған ортаның эволюциялық дамуына сәйкес қалыптасқан. Эволюциялық өзгерістер сыртқы ортаның өзгерісіне организмдердің бейімделуімен ұштасады. Мысалы, құрлық жануарларының арғы тегі су жануарлары болып саналады. Ал қоршаған ортаға бейімделе алмаған құрлық жануарлары бұрынғы тіршілік ортасында қалып қойған.


Жәндіктер

Жәндіктер, насекомдар (Ынсецта) – буынаяқтылар типіне жататын омыртқасыз жануарлар класы. Қазба қалдықтары девон кезеңінен белгілі. Филогенетикалық шығу тегі көп аяқтыларға жақын, арғы тегі сақиналы құрттар деп есептелінеді. Жер шарында кең тараған 1 млн-дай түрі анықталған (барлығы 1,5 – 2 млн. түрі болуы мүмкін). Жәндіктер екі класс тармағына бөлінеді: алғашқы қанатсыз жәндіктер және қанатты жәндіктер. Қазақстанда 2 класс тармағына жататын 28 отряды 550-ден астам тұқымдасы бар. Бұлардың дене тұрқы бірнеше мм-ден (ең майдасы – трихограмма – 0,2 мм) – 33 см-ге дейін болады. Жәндіктердің ең басты ерекшелігі – денесі бас, кеуде және құрсақ бөлімдерінен тұрады. Денесін тығыз кутикула (эпителий клеткаларынан бөлінетін тығыз қабықша) жапқан. Басында екі күрделі фасеттік көздері, қарапайым майда көзшелері, екі мұртшасы болады. Ауыз құрылысы қоректену әдісіне қарай: инеліктер, тарақандар, дәуіттер, қоңыздардың аузы кеміруге; көбелектер, шыбындардың аузы сұйық қоректі соруға; өсімдіктердің шырынымен және адамның, жануарлардың қанымен қоректенетін маса, бит, қандала, цикада, т.б. аузы шаншып-соруға бейімделген.




Жануарлардың дауысы

Бір түрге, кейде әр түрге жататын жануарлардың өзара бірін-бірі ажырату және түрлі сезімін білдіру үшін шығаратын дыбыстары. Бұл көптеген жәндіктерге, балықтарға, құйрықсыз қосмекенділерге (құрбақа, бақа), кейбір бауырымен жорғалаушыларға (жармасқылар, хамелеондар, қолтырауындар) және барлық құстар мен сүтқоректілерге тән. Жануарлардың дыбыс диапазоны 20 Гц – 20 кГц аралығында және ол тек дыбыс аппараты арқылы ғана пайда болатын дыбыс (шаянтәрізділерде, жәндіктерде) емес, балықтың торсылдағымен, жүзу қанатымен, құстың құйрық қауырсынымен, қанатымен, тұмсығымен (қарабауыр бұлдырық, дегелек), аяғындағы не қанатындағы арнайы аппараттарымен (түзу қанатты жәндіктер) шығаратын дыбыстары да болады.



Жануарлардың сайрау, қорқу, айбат шегу, ашыққан, сескенген, жұптасу кезінде шығаратын әртүрлі дыбыстары болады. Кейбір жануарлар дауысын ғалымдар шаруашылыққа зиян келтіретін құстарға, жәндіктерге, т.б. кейбір хайуанаттарға қарсы пайдаланып, бау-бақшаны, егістікті қорғайды. Мысалы, Қазақстан орнитологтары қараторғайдың шығаратын дыбыстарын жазып алып, акустикалық әдіспен жүзім бағының зиянкестеріне қарсы қолдануда



Жануарлардың мінез-құлқы

Қасқыр өз «заңына» ғана бағынады, қолға үйренбейді.

Қасқырлар ақпан айының қатты суық әрі боранды күнінде ұйығады.

Қасқыр бөлтіріктерін алдырса, өш алмай қоймайды.

Маймыл мен тауық жем тапса өздері жемей, басқаларды шақырып, бөлісіп жейді.

Мысық көзінің қарашығы тәулік ішінде үлкен-кішілі болып өзгеріп тұрады.

Қоян жылына 3-4 рет балалайды.

Ақкіс қыста көбінесе қардың үстімен емес, астымен жүреді.

Кенгуру 10 метрге секіре алады.

Аю қыста ұйықтап қалады.

Қоян алды-артын мойнын бұрмай-ақ көре алады.

Жан-жануарлар алыбы піл тышқаннан өлердей қорқады екен.

Қасқыр мен түлкі сонар кезінде жатқан орнынан қозғалмайды екен.

Бұғы мүйізі кесілген соң анадай жерге барып тоқтап, міндетті түрде артына қарайтын көрінеді.

Қолтырауын су түбіне тереңірек бағу үшін тас жұтып алатын көрінеді.

Қолтырауын жемін өлтіріп жеп алып, артынан ағыл-тегіл жылайды екен.

Егеуқұйрық бес қабатты үйден құласа да өлмейді.

Көртышқан бір күнде 100 метр жер қаза алады.



Жалғасы....

Жан-жануарлар алыбы піл тышқаннан өлердей корқады екен.

Қасқыр мен түлкі сонар кезінде жатқан орнынан қозғалмайды екен.

Бұғы мүйізі кесілген соң анадай жерге барып тоқтап, міндетті түрде артына қарайтын көрінеді.

Қолтырауын су түбіне тереңірек бату үшін тас жұтып алатын көрінеді.

Қолтырауын жемін өлтіріп жеп алып, артынан ағыл-тегіл жылайды екен.

Егеуқұйрық бес қабатты үйден құласа да өлмейді.

Көртышқан бір күнде 100 метр жер қаза алады.

Бұғы мүйізі кесілген соң анадай жерге барып тоқтап, міндетті түрде артына қарайтын көрінеді.

Қолтырауын су түбіне тереңірек бату үшін тас жұтып алатын көрінеді.

Қолтырауын жемін өлтіріп жеп алып, артынан ағыл-тегіл жылайды екен.

Егеуқұйрық бес қабатты үйден құласа да өлмейді.

Көртышқан бір күнде 100 метр жер қаза алады.

Бұғы мүйізі кесілген соң анадай жерге барып тоқтап, міндетті түрде артына қарайтын көрінеді.

Қолтырауын жемін өлтіріп жеп алып, артынан ағыл-тегіл жылайды екен.

Егеуқұйрық бес қабатты үйден құласа да өлмейді.

Көртышқан бір күнде 100 метр жер қаза алады.



Жәндіктердің түрлі қабілеттері

Бүркеніш рең , мимикрия – жануарлардың барлық топтарында болатын бейімділіктің бір түрі. Жануарлар эволюция барысында табиғи сұрыпталып, сыртқы орта жағдайына бейімделіп отырады. Осының нәтижесінде жануарлар жауларына жем болмауға, жемтігін көрінбей барып ұстауға, қауіпсіз көбеюге мүмкіндік алады. Бүркеніш рең жасырушы рең, сақтандырушы (үркітуші) рең, қорғаныш рең болып үш топқа бөлінеді.

Жасырушы рең – жануарлардың дене пішіні мен реңінің айналадағы ортаның түсіне сәйкес келуі. Мысалы, шөп арасында жүретін жәндіктердің реңі сол жердің өсімдігі түстес (тропиктік орманда тіршілік ететін жыландарды ондағы шырмауықтардан ажырату мүмкін емес), мәңгі жасыл ормандағы жануарлар жасыл түсті, құмдағы жануарлар сарғыш түсті болады. Кейбір жануарлар (қоян, тиін, сасық күзен, т.б.) қыста ақ, жазда қоңырқай түсті келеді. сақтандырушы (үркітуші) рең – көбінесе улы және шағатын жәндіктерге тән белгі. Улы жылан, сона және аралар әр түрлі жолақты ашық реңді болуына байланысты бірден ерекшеленіп көзге түседі. Бұлардың денесінде улы немесе жағымсыз иісті зат болғандықтан, жаулары жоламайды. Мысалы, бұзаубастың үстіңгі қанаты жасырушы реңді, астыңғы қанаттары сақтандырушы реңді болады. Қауіп төнген кезде, алдыңғы қанаттарын көтереді де, астындағы ашық түсті сақтандырушы реңді қанаттарын жайып, жауын үркітіп жібереді.

Қорғаныш рең – қауіпсіз жәндіктердің пішіні мен түсі, мінез-құлығы жағынан улы, шағатын, қауіпті жәндіктерге ұқсастығы. Мысалы, балшықшы сауысқан, т.б. құс жұмыртқасының түсі мен пішіні қиыршық жұмыр тасқа ұқсас болады

Мысалы...





Қорытынды

Мен жануарлардың және жәндіктердің бойындағы қабілеттерін, мінез-құлықтарын, қандай дыбыс салатындығын және сонымен қоса олар туралы көп деректерді оқыдым.



НАЗАР

АУДАРҒАНДАРЫҢЫЗҒА

РАХМЕТ!